

Карлыгаш Нугманова¹, Эльмира Кагазбаева², Мадина Омарова³

¹ «Шығыс-Батыс» халықаралық геосаяси болжау орталығының президенті, саяси ғылымдарының докторы, профессор
e-mail: politassoc@mail.ru

<https://orcid.org/0009-0006-8025-3930>
(Астана, Қазақстан)

² Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-ң шығыстану факультетінің деканы, саяси ғылымдарының кандидаты, профессор
e-mail: Kagazbaeva.e@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-6756-4853>

³ Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-ң шығыстану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарихи ғылымдарының кандидаты
e-mail: madina74.04@mail.ru

<https://orcid.org/0009-0007-6605-9100>
(Алматы, Қазақстан)

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӘСТҮРЛЕРДІ ОЙЛАП ТАБУ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ САЯСИ МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. Мақалада 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстандағы дәстүрлерді ойлап табу және қайта жаңғырту үдерісі қарастырылады. Авторлар Э. Хобсбаумның жады саясаты теориясы мен конструктивистік көзқарасқа сүйене отырып, бұл дәстүрлердің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы және мемлекеттілікті нығайтудағы рөлін талдайды. Мақалада ақсақалдар институтының жаңғыруы, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы, Наурыз мейрамы мен діни әдет-ғұрыптар туралы мысалдар қарастырылып, олардың әлеуметтік, саяси және мәдени салдары айқындалған. Кейбір салт-дәстүрлердің жағымсыз жақтарына ерекше назар аударылады. Зерттеу нәтижесінде дәстүрлерді қоғамның үйлесімді дамуына және қазақстандық бірегейліктің нығаюына ықпал ететін заманауи құндылықтар контекстінде сыни тұрғыдан түсіну қажеттігі туралы қорытынды жасалады.

Осылайша, дәстүрлерді ойлап табу үдерісін мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыруға, билікті нығайтуға және әлеуметтік интеграцияға әсер ететін күрделі әлеуметтік-саяси үдеріс ретінде қарастыруға болады. Қазақстан жағдайында бұл үдеріс дәстүрлі институттардың қайта жаңғыруын да, саяси бағытты заңды деп тануға және мемлекеттік егемендікті нығайтуға ықпал ететін жаңа ұлттық рәміздерді жасауды да қамтиды.

Түйін сөздер: саяси мәдениет, ұлттық бірегейлік, саяси трансформация, тәуелсіздік, құндылықтар, легитимация, мемлекет.

Карлыгаш Нугманова, Эльмира Кагазбаева, Мадина Омарова ПРОЦЕСС ИЗОБРЕТЕНИЯ ТРАДИЦИЙ В НЕЗАВИСИМОМ КАЗАХСТАНЕ И ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛИТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация. В статье рассматривается процесс изобретения и возрождения традиций в Казахстане после обретения независимости в 1991 году. Авторы анализируют роль этих традиций в формировании национальной идентичности и укреплении государственности, опираясь на теорию политики памяти Э. Хобсбаума и конструктивистский подход. В работе изучены примеры возрождения институтов аксакалов, Всемирного курултая казахов, праздника Наурыз и религиозных практик, а также выявлены их социальные, политические и культурные последствия. Отдельное внимание уделяется негативным аспектам некоторых традиций. В заключении делается вывод о необходимости критического осмысления традиций в контексте современных ценностей, что способствует гармоничному развитию общества и укреплению казахстанской идентичности.

Таким образом, изобретение традиций можно рассматривать как сложный социально-политический процесс, влияющий на формирование государственной идентичности, укрепление власти и социальную интеграцию. В контексте Казахстана этот процесс включает как возрождение традиционных институтов, так и создание новых национальных символов, что способствует легитимации политического курса и укреплению государственного суверенитета.

Ключевые слова: *политическая культура, национальная идентичность, политическая трансформация, независимость, ценности, легитимация, государство.*

Karlygash Nugmanova, Elmira Kagazbaeva, Madina Omarova THE PROCESS OF INVENTING TRADITIONS IN INDEPENDENT KAZAKHSTAN AND THE FORMATION OF POLITICAL CULTURE

Abstract. This article examines the process of inventing and reviving traditions in Kazakhstan following its independence in 1991. The authors analyse the role of these traditions in shaping national identity and strengthening statehood, drawing on E. Hobsbawm's theory of memory politics and the constructivist approach. The study explores examples such as the revival of the Aksakal institution, the World Kurultai of Kazakhs, the celebration of Nauryz, and religious practices, while also identifying their social, political, and cultural consequences. Particular attention is given to the negative aspects of certain traditions. The conclusion underscores the importance of critically reevaluating traditions within the framework of contemporary values, as this is crucial for the harmonious development of society and the strengthening of Kazakhstani identity. Thus, the invention of traditions can be viewed as a complex socio-political process that influences the formation of state identity, the consolidation of power, and social integration. In the context of Kazakhstan, this process

encompasses both the revival of traditional institutions and the creation of new national symbols, which serve to legitimise political agendas and reinforce state sovereignty.

Keywords: *political culture, national identity, political transformation, independence, values, legitimation, state.*

Кіріспе

Дәстүрлерді ойлап табу құбылысын мемлекеттілікті нығайту тұрғысында зерттеу тарихи, әлеуметтану және саясаттану ғылымдары аясында жасалған бірнеше негізгі концепцияға сүйенеді. Олардың ішінде жады саясаты теориясын, ұлттық бірегейлікке конструктивистік көзқарасты, әлеуметтік институттар тұжырымдамасын және модернизация теориясын атап айтуға болады.

Негізгі тәсілдемелердің бірі Эрик Хобсбаум мен Терренс Рейнджердің «Дәстүрлерді ойлап табу» жинағында әзірлеген дәстүрлерді жаңадан қалыптастыру тұжырымдамасы болып табылады [1]. Бұл көзқарасқа сәйкес, дәстүр әрқашан тарихи қалыптасқан құбылыс емес, көбінесе бүгінгі күннің саяси және әлеуметтік қажеттіліктеріне сай жасалады немесе түрленеді.

Хобсбаум ойлап табылған дәстүрлердің үш түрін бөліп қарайды:

1. Бірегейлікті қалыптастыратын дәстүрлер (мысалы, ұлттық рәміздер, мерекелер, тарихи мифтер).
2. Билік пен институттарды нығайтатын дәстүрлер (монархиялық рәсімдер, әскери дәстүрлер).
3. Әлеуметтік мінез-құлықты реттейтін дәстүрлер (әдептілік, отбасылық нормалар).

Мемлекеттілікті нығайту жағдайында дәстүрлерді ойлап табу заңдастырушы қызметін орындайды: ол ұжымдық бірегейлікті қалыптастыруға көмектеседі, қоғамның интеграциясына және саяси биліктің нығаюына ықпал етеді [1].

Ұлттық бірегейлік туралы қазіргі заманғы зерттеулер негізінен конструктивистік дәстүрге негізделген, оған сәйкес ұлттар мәдени және саяси тетіктер арқылы құрылған қиялдағы қауымдастықтар болып табылады [2]. Бенедикт Андерсон өзінің «Қиялдағы қауымдастықтар» атты еңбегінде ұлттық бірегейлік бұқаралық ақпарат құралдары, ресми жоралғылар мен білім беру институттары арқылы қалыптасатынын алға тартады. Бұл үдерісте дәстүрлерді жаңадан қалыптастыру басты рөл атқарады, өйткені ол тарихи сабақтастық пен ұжымдық бірлік сезімін қамтамасыз етеді. Эрнест Геллнер ұлтшылдық пен мемлекеттік құрылыстың байланысын атап көрсетеді. Оның пікірінше, дәстүрлерді көбіне халықты жұмылдыру және әлеуметтік тұрақтылықты сақтау үшін элиталар жасайды [3]. Энтони Смит, өз кезегінде, «этносимволизм» ұғымын енгізеді, оған сәйкес дәстүрлерді сәтті ойлап табу халықтың мәдениетінде бұрыннан бар тарихи бейнелер мен мифтерге сүйену арқылы ғана мүмкін болады [4].

Институционалдық көзқарас [5] шеңберінде дәстүрлер қоғамның мінез-құлқын реттейтін және мемлекеттің тұрақтылығына ықпал ететін тетіктер ретінде қарастырылады. Дуглас Норттың пікірінше, институттар ресми (заңдар, конституциялар) және бейресми (дәстүрлер, әдет-ғұрыптар) болуы мүмкін. Дәстүрлерді жаңадан қалыптастыру саяси құрылыстың ауысуы немесе әлеуметтік қайта құру кезеңдерінде пайда болатын институционалдық олқылықтардың орнын толтыруға мүмкіндік береді.

Сэмюэль Хантингтон «Құбылмалы қоғамдардағы саяси тәртіп» [6] атты еңбегінде модернизация жағдайында дәстүрлер әлеуметтік бейімделу құралы ретінде әрекет ете алатынын айтады. Атап айтқанда, постколониалдық мемлекеттерде жаңа дәстүрлер билікті заңдастыру және ішкі тұрақсыздықты жеңу үшін жиі қолданылады.

Біздің зерттеуіміз үшін дәстүрлерді ойлап табуды дәстүрлі қоғамның қазіргі саяси және экономикалық жағдайларға бейімделу үдерісінің бір бөлігі ретінде қарастыратын модернизация теориясын [7] қолдану өте орынды. Эйзенштадт бұл идеяны дәстүрлерді халық алдында заңдылығын сақтай отырып, жаһандық сын-қатерлерге жауап ретінде қайта құруға болатынын дәлелдеу арқылы дамытады. Қазақстанға қатысты дәстүрлерді ойлап табу үдерісі мәдени мұраға қайта оралуды да (Наурыз, ақсақалдар институты, құрылтайлар), жаңа мемлекеттік рәміздерді (Астана елорда ретінде, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі) жасауды қамтиды деуге болады. Бұл қоғамды біріктіруге бағытталған модернизациялық үдерістер логикасына сай келеді.

Осылайша, бұл тұжырымдамалар тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінде дәстүрлерді ойлап табу үдерісінің нәтижесінен ұлттық бірегейлікті нығайтуға және қоғамды біріктіруге бағытталған саяси бағыттың маңызды элементіне айналғанын түсінуге көмектеседі.

Жады саясаты теориясы (Хобсбаум) билікті заңдастыру үшін дәстүрлердің қалай құрылатынын көрсетеді. Конструктивистік көзқарас (Андерсон, Геллнер) ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда дәстүрлердің не үшін қажет екенін түсіндіреді. Институционалдық теория (Норт, Хантингтон) дәстүрлерді әлеуметтік реттеу тетіктерінің бөлігі ретінде, ал модернизация теориясы (Парсонс, Эйзенштадт) қоғамды заманауи жағдайларға бейімдеу құралы ретінде қарастырады.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде ойлап табылған дәстүрлердің шығу тегі мен дамуын қадағалап, олардың шығу тегін, түрленуін және жаңа жағдайларға бейімделуін анықтауға мүмкіндік берген тарихи-генетикалық әдіс пайдаланылды. Бұл жұмыста біз, сондай-ақ, жады саясаты теориясына, әлеуметтік институттар тұжырымдамасына және модернизация теориясына сүйендік. Жұмыста конструктивистік әдіс қолданылды. Конструктивизм дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жай ғана беріліп қоймайтын, тарихи, саяси және мәдени контекстке байланысты белсенді түрде жасалатын, өзгертілетін және түсіндірілетін әлеуметтік құрылымдар ретінде қарастырады.

Зерттеу нәтижелері

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның алдында жаңа ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен егемендікті нығайту қажеттілігі туындады. Тәуелсіздіктің қалыптасуы конструктивизмде дәстүрлі институттардың қайта жандануын білдіретін «дәстүрлерді ойлап табу» деп аталатын қайта жаңғырумен байланысты.

Осылайша, Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында еліміздің қоғамдық өмірінде елеулі рөл атқаратын ақсақалдар кеңесі институты қайта жаңғыра бастады. Бұл кеңестер Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) және басқа да қоғамдық ұйымдар жанында жұмыс істеп, ұлтаралық келісімді нығайтуға, мәдени дәстүрлерді сақтап қалуға атсалысуда.

Ақсақалдар кеңестері қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтауға ықпал ете отырып, әлеуметтік және тұрмыстық дау-дамайларды шешуге белсенді түрде қатысуда. Олардың беделі мен тәжірибесі дауларды тиімді шешуге және шиеленістің өршуіне жол бермеуге мүмкіндік береді [8]. Ақсақалдар дәстүрлі құндылықтарды, әдет-ғұрыптар мен мінез-құлық нормаларын өскелең ұрпаққа жеткізіп, Қазақстандағы мәдени көптүрлілікті сақтауға және дамытуға үлес қосады [9]. Ақсақалдар кеңестері әлеуметтік саясат пен өңірлік даму мәселелері бойынша ұсыныстар енгізе отырып, мемлекеттік органдар жанында кеңесші рөлін атқарады. Олардың қатысуы шешім қабылдау процесінде жергілікті қауымдастықтар пікірлерінің ескерілуін қамтамасыз етеді [10].

Дегенмен, бұл институтқа олардың қызметінің тиімділігіне және оларды ұстауға жұмсалатын қаржылық шығындардың негіздемесіне қатысты сұрақтар бар. Кейбір зерттеулер ақсақалдар кеңестерінің қызметі формальды түрде жүзеге асып жатқанын, көп жағдайда олардың қызметі нақты өзгерістерді әкеле бермейтінін меңзейді. Кейбір жағдайларда олардың ұсыныстары қажет етілмейді, бұл осы институттарға деген сенімді төмендетеді. Оған қоса ақсақалдардың қатысуымен іс-шаралар ұйымдастыруға қомақты бюджет қаражаты жұмсалады. Мысалы, Қарағандыда Ақсақалдар кеңесінің республикалық отырысын өткізуге бюджеттен 9 миллион теңге жұмсалды, бұл мұндай шығындардың тиімділігіне қатысты күмән туғызады (Қарағанды облысының әкімдігі Ақсақалдар кеңесінің отырысын өткізуге 9 миллион теңгеге жуық қаржы бөлді) [11].

Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде «жүздер» жүйесінде қызықты өзгерістер болды. Жүздер мәселесі сол немесе басқа рудың (жүздің) қандай да бір қызмет саласында ұстанымдарын нығайтудан және билік тұтқасын иеленуден көрінетін трайбализм мәселесіне айналды. Бірқатар зерттеулерде негізгі мемлекеттік лауазымдарға тағайындау ісінде көбінесе үміткерлердің жүзге, руға тиесілілігі ескерілетіні айтылған. Бұл саяси элитаның қалыптасуынан айқын көрінеді, онда белгілі бір жүздердің өкілдері жоғары лауазымдарға тағайындалуда артықшылыққа ие болуы мүмкін. Мысалы, «Қазақтың саяси және зияткерлік элитасы: рулық тиесілілік және ұлтаралық бақталастық» атты еңбекте ру-тайпалық байланыстардың елдегі мансаптық өсу мен саяси қарқынға әсері талда-

нады. Тарихшы әрі қоғам қайраткері Н. Масанов: «жүздер арасындағы элиталық деңгейдегі бәсекелестік қазақ қоғамының өмірінде аса маңызды рөл атқарды және атқарып келеді» деген тұжырымға келеді [12, 61-6]. Ресей зерттеушісі Г. Агаев Н. Назарбаев тұсындағы саяси және экономикалық элитаның қалыптасу және даму үдерісін зерттей келе, «қазақстандық кландардың елдің саяси жүйесіне қосылуы жергілікті билік элитасының уақытша келісімдерге негізделген түрлі топтардан тұратын күрделі механизмге айналуына алып келді, және бұл механизм кландық гегемон ретінде президентті қолдайтын Ұлы жүздің айналасына шоғырланды» деген қорытындыға келеді [13, 15-6].

Рулық сананың жаңғыруы мен таралуы негізінен посткеңестік Қазақстанның демографиялық және көші-қон үдерістерімен байланысты болғанын атап өткен жөн. Дәстүрлі саяси мәдениет тетіктері, ең алдымен, ауыл тұрғындары мен бұрын маргиналды саналған халықтың басқа да топтары үшін аса маңызды. Дәл осы топтар, негізінен, «ру» ұғымдарымен ойлайды, сондай-ақ посткеңестік кезеңде дәл осы халық топтары Қазақстанның әлеуметтік және саяси өмірінде өз ықпалын айтарлықтай арттырды. Тәуелсіздік алғаннан кейін олар мемлекетте жете кші рөл атқара бастады.

Осылайша, «жүздер» жүйесінің архаикалық трансформациясы қазақ қоғамында және саяси қатынастарда отбасылық және рушылдық принциптердің рөлін арттырды. Бұл принциптер саяси элита арасындағы демократияға жатпайтын, бейресми қатынастардың негізіне айналып, сыбайлас жемқорлықтың таралуының іргетасы болды. Бірыңғай азаматтық ұлт қалыптастыруға бағытталған күш-жігерге қарамастан, жүздік тиесілілік елдің саяси, әлеуметтік және мәдени өмірінде әлі де рөл атқарып келеді. Бұл қазақтың өзіндік бірегейлігінің күрделілігі мен көпқырлылығын көрсетеді.

Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстан қоғамына елеулі ықпал етіп келе жатқан Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы институты қайта жаңғыртылды. Дүниежүзілік құрылтайлар шетелде тұратын қазақтардың бірігуіне және олардың тарихи отанымен байланысын нығайтуға септігін тигізді. Бұл түрлі елдерде ұлттық бірегейлік пен мәдениетті сақтауға ықпал ететін қазақ мәдени орталықтарының құрылуына алып келді [14, 19-6].

Құрылтайлар түрлі елдердегі қазақ диаспорасы өкілдерінің арасында мәдени және ғылыми жетістіктермен алмасуға мүмкіндік беретін алаң ұсынатынын айта кету керек, бұл, өз кезегінде, Қазақстанның мәдениеті мен ғылымын байытуға септігін тигізеді. Құрылтайларда этникалық қазақтардың тарихи отанына оралу, репатрианттарды қолдау және олардың қазақстандық қоғамға интеграциясы мәселелері талқыланады [15, 84-6].

Жоғары мақсаттар мен міндеттерге қарамастан, кейбір қатысушылар мен сарапшылар құрылтайларда қабылданған шешімдердің әрдайым тәжірибеде жүзеге аса бермейтінін атап өтеді, бұл олардың қоғамға шынайы ықпалын әлсіретеді. Кейбір зерттеушілер құрылтайдың қазақ ұлтшылдығының өсуіне әкелетін институт ретінде қабылдануы

мүмкін екеніне алаңдаушылық білдіреді, бұл көпұлтты Қазақстандағы этносаралық қатынастарға теріс әсер етуі мүмкін [16].

Тәуелсіз Қазақстанда қайта жаңғырып келе жатқан институттардың бірі – ислам. Марксистік идеологияның күйреуінен кейін жалпыадамзаттық құндылықтарға оралу идеясы жарияланды, бұл құндылықтар қоғамда діннің қайта жаңғыруы ретінде қабылданды. Бұл институттың қайта жаңғыруы ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен жүзеге асқанын айту керек. Тарих ғылымдарының докторы З.Г. Джалиловтің пікірінше, Қазақстан қоғамында ресми биліктің исламның қайта жаңғыруын қолдауы екі мақсатты көздеді: біріншіден, ислам діні белгілі бір әлеуметтік топтарға ықпалын сақтап қалғандықтан, мемлекет қоғамды біріктіру үшін исламның рухани құндылықтарын пайдалануға тырысты; екіншіден, діни жаңғыруды қолдау арқылы мұсылман елдерімен ынтымақтастықты нығайту саясатын жүргізуді көздеді [17, 27-6.].

1991 жылдан кейін тәуелсіз Қазақстанда исламның қайта жаңғыруы елдің қоғамдық және мәдени өміріне елеулі ықпал етті. Зерттеуші Н.Д. Нұртазинаның айтуынша, ислам қазақтың мұсылмандық дәстүрінің қалыптасуында маңызды рөл атқарып, халықтың рухани және мәдени өмірін біріктіретін фактор болды [18].

1990-жылдары Қазақстанда исламдық білімге деген қызығушылық айтарлықтай өсті. Медреселер, ислам университеттері мен білім беру орталықтары ашылып, халықтың діни сауаттылығы арта түсті. Бұл жастардың көпшілігіне ислам мен оның дәстүрлері туралы терең білім алуға мүмкіндік берді. Исламның қайта жандануы Қазақстанның басқа мұсылман елдерімен халықаралық байланыстарды белсендіруіне септігін тигізді. Ол мәдени алмасу, білім беру саласындағы ынтымақтастық және бірлескен экономикалық жобалар арқылы көрініс тауып, Қазақстанның халықаралық аренадағы позициясын нығайта түсті.

Діни белсенділіктің артуына мемлекеттің дін саласындағы саясаты да ықпал етті. Дәстүрлі қоғамдардан айырмашылығы, онда «діни жаңғыру» бастапқы діни қауымдастықтың құндылықтарын қалпына келтіруді білдірсе, Қазақстанда мемлекет тарапынан басты назар ханафизммен байланысты дәстүрлі дін құндылықтарын, ең алдымен ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қайта жаңғыртуға аударылды [19, 43-6.]. Ресми билік тарапынан дінді қайта жаңғырту үдерісін қолдау кездейсоқ жағдай болған жоқ: ұлттық мәдени мұра ретінде дәстүрлі дін қоғамның белгілі бір топтарына, тіпті қоғамдық қозғалыс жетекшілеріне де өз ықпалын сақтап қалды.

«Діни қайта өрлеу» үдерісі тек оң үрдістерді ғана алып келмей, сонымен қатар кейде қақтығыстардың қайнар көзіне айнала отырып, көптеген әлеуметтік-саяси мәселелерді тудырды, оған қоса Қазақстан мен Орталық Азияның басқа елдеріндегі мұсылмандардың дін туралы білім деңгейі төмен болды (Бабаджанов). Радикалды идеяларды насихаттаған түрлі діни ағымдар пайда болды. Бұл ұлттық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылыққа қатер төндірген экстремистік топтардың пайда болуына алып келді. Оған жауап ретінде мемлекет діни қызметті бақылауды

күшейтіп, экстремизмге қарсы күрес шараларын қолдануға мәжбүр болды [20].

Оған қоса, ислам діні көптеген мәселелердің, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси проблемалардың шешімі ретінде қарастырыла бастады. Шетелдегі ислам оқу орындарын бітіріп келген түлектер Қазақстанда дәстүрлі емес діни ағымдардың, мысалы, «Хизб ут-Тахрир» сияқты қозғалыстардың таралуына ықпал етіп, аймақтағы мұсылман қауымының арасында алауыздық тудырды [21, 80-б.].

Осылайша, Қазақстанда исламның қайта жаңғыруы елдің мәдени және рухани дамуына елеулі үлес қосты, дегенмен бұл үдеріс қоғам мен мемлекеттен ерекше назар аударуды қажет ететін белгілі бір қиындықтармен қатар жүрді.

Тәуелсіздіктің қалыптасуы кезеңінде қоғамды біріктіруге және ұлттық сананы нығайтуға ықпал ететін жаңа дәстүрлерді жаңғырту мен жасауға ерекше назар аударылды. Наурыз мейрамын жаңғырту осы бағыттағы маңызды қадам болды. Кеңес дәуірі кезеңінде ұзақ жылдар бойы тыйым салынған Наурыз 1991 жылы қайтадан мемлекеттік мереке боп жарияланып, халықтың жаңаруы мен бірлігінің символына айналды. Жыл сайын 21-23 наурыз аралығында қалалар мен ауылдарда киіз үйлер тігіліп, халықтық серуендер өткізіліп, дәстүрлі тағам – наурыз көже дайындалады. Бұл мереке қазіргі Қазақстанның мәдени өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. «Ұлттың қалыптасуына Наурыз мерекесі де ықпал етті, оны да жасап шығарылған дәстүрлердің қатарына жатқызуға болады, өйткені мерекенің бастапқы тарихи мәні өзгеріске ұшырап, қазіргі қазақтар оны тарихи сабақтастықтың символы ретінде қабылдады. Кеңес дәуірінің соңында Қазақстанның көпұлтты халқы үшін Наурыз мерекесінің міндеті халықтар арасындағы этносаралық келісімді білдіру мен нығайту болды» [22].

Тағы бір маңызды бастама 2003 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінің құрылуы болды. Әр үш жыл сайын Астанада өтетін бұл форум қоғамдағы дінаралық келісім мен толеранттылықты нығайтуға ықпал ете отырып, әртүрлі конфессия өкілдерінің диалог алаңына айналды [23].

2004 жылы Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге, сақтауға және насихаттауға бағытталған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама аясында көптеген ескерткіштер қалпына келтірілді, археологиялық зерттеулер жүргізілді, елдің тарихы мен мәдениеті туралы еңбектер жарық көрді.

Посткеңестік дәуірде дәстүрлердің құрылуы мен қайта жаңғыруы Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Бұл бастамалар қоғамның бірлігін, ұрпақтар сабақтастығын және мәдени мұраға деген мақтаныш сезімін нығайтуға ықпал етті. Сонымен қатар, олар көпұлтты қоғамды біріктіру құралына айналып, әртүрлі этникалық топтарды ортақ құндылықтар мен рәміздер төңірегінде біріктірді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, тәуелсіздікті қалыптастыру кезеңінде Қазақстан ұлттық бірегейлікті нығайту үшін дәстүрлерді белсенді түрде

қайта жаңғыртып, жаңаларын жасады. Алайда, осы жаңғыртылған немесе жаңадан енгізілген әдет-ғұрыптардың кейбіреулері қоғамның дамуына кері әсер етіп, ескірген және кемсітушілікке негізделген тәжірибелердің сақталуына әкелді. Атап айтқанда, мұндай дәстүрлерге «қыз алып қашу», қалың мал төлеу, әйелдерді кемсіту мен гендерлік теңсіздік, қаржылық мүмкіндіктерге сай келмейтін ас та төк тойлардың жасалуы жатады.

Қалыңмал төлеу дәстүрі қазіргі Қазақстанда трансформацияға ұшырағанымен, кейбір өңірлерде өзінің архаикалық түрінде сақталып отыр. Бұл неке қатынастарын коммерцияландыруға әкеліп, адамдарды саудалау түрі ретінде қарастырылуы мүмкін. Сонымен қатар, қалыңмалға қойылатын жоғары талаптар жас отбасыларда қаржылық қиындықтар туырып, олардың дербес дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

Кейбір дәстүрлердің қалпына келтірілуі әйел қызметін үй шаруасы мен бала тәрбиесімен ғана шектеген патриархалдық нормалардың күшеюіне алып келді. Бұл әйелдердің мансаптық өсуіне, қоғамдық өмірге араласуына кедергі келтіріп, гендерлік теңсіздікті арттырады. Мұндай көзқарастар әйелдердің әлеуетін шектеп, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізеді.

Осылайша, Қазақстандық қоғамдық даму институты жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша қоғамның кейбір дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға қатысты көзқарасы өзгеруде. Атап айтқанда, респонденттердің 60%-дан астамы несие алу арқылы ұйымдастырылатын «той» секілді ауқымды мерекелерге қарсы, өйткені бұл қарыздық міндеттемелер мен қаржылық тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін.

«Қыз алып қашу» деп аталатын қалыңдықты ұрлау дәстүрі Қазақстанның кейбір өңірлерінде бұрын қолданылған. Қазіргі қоғамда бұл әдет көбінесе әйелдердің құқықтарын бұзатын және заңға қайшы келетін мәжбүрлі некеге алып келеді. Бұл тәжірибені жоюға бағытталған талпыныстарға қарамастан, ол әлі де, әсіресе ауылдық жерлерде кездеседі, бұл әйелдердің қоғамдағы жағдайына кері әсер етеді [24]. Қазақстанның қоғамдық пікірінде қыз алып қашу дәстүріне қарсылық білдірген көзқарас басым түсуде. Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 71,1%-ы мұндай әрекеттерді қолдамайды. Десе де, респонденттердің 26,2%-ы осындай жолмен отбасын құруды құптайтынын білдірген [25].

Әлеуметтік сауалнама мәліметтері бойынша, дәстүрдің барлығы дұрыс түсіндіріле бермейді. Әр түрлі өңірлердегі респонденттердің белгілі бір дәстүрді қолдау үлесі мәдени және этникалық айырмашылықтарға байланысты айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Мысалы, Маңғыстау облысында респонденттердің 67,5%-ы қыз алып қашу мен мәжбүрлі некені қалыпты жағдай деп санаса, Шығыс Қазақстан облысында 97,1%-ы мұндай құбылысқа теріс немесе көбінесе теріс көзқараста [25].

Дәстүрлерді қайта жаңғырту мен жаңа дәстүрлер жасау қазақ халқының ұлттық бірегейлігін нығайтуға үлес қосқанымен, олардың кейбіреулерінің теріс салдары да бар. Қоғамның үйлесімді дамуы үшін мұндай дәстүрлерге сыни тұрғыдан баға беріп, оларды заманауи құндылықтар мен адам құқықтарына сәйкес бейімдеу маңызды.

Қорытынды

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңі қоғамды біріктіру мен ұлттық бірегейлікті нығайтудың жолдарын белсенді түрде іздеумен қатар жүрді. Осы үдерістің маңызды құралдарының бірі дәстүрлерді қайта жаңғырту және азаматтардың мәдени өзіндік санасын қалыптастыруға бағытталған жаңа рәсімдер мен институттар құру болды. Бұл бағытта ақсақалдар институтының жаңғыруы, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын өткізу, Наурыз мерекесінің қайта жандануы және конфессияаралық диалогтың дамуы ерекше рөл атқарды. Аталған бастамалар қоғамның тарихи өткенімен байланысын күшейтіп, ұлттық бірлікті нығайтуға және этносаралық келісімді сақтауға ықпал етті.

Алайда зерттеулер көрсеткендей, қоғам үшін қайта жаңғыртылған немесе жаңадан қалыптасқан дәстүрлердің барлығы бірдей пайдалы емес. Қалың мал төлеу, қыз алып қашу, қатаң патриархалдық нормалар мен сән-салтанатқа толы тойлар сияқты әдет-ғұрыптар әлеуметтік кедергілер туғызып, қоғамдағы жекелеген топтарға қатысты кемсітушілікті күшейтеді. Олар қоғамның жаңаруын және оның қазіргі заман талабына бейімделуін қиындата түседі. Қыз алып қашу тәжірибесін жоюға бағытталған шараларға қарамастан, ол әлі де кейбір аймақтарда сақталып, қоғамда өткір пікірталас тудырып отыр. Бұл дәстүрлерді ойлап табу үдерісінің әрдайым прогрессивті бола бермейтінін, сондай-ақ, оны адам құқықтары мен гендерлік теңдік қағидаттарын ескере отырып сыни тұрғыда талдау қажеттігін айқындайды.

Елдің саяси өмірінде сақталған рулық (жүздік) жүйе де екіжақты сипатқа ие. Бір жағынан, туыстық байланыстар тарихи тұрғыда әлеуметтік тұтастыққа ықпал еткен болса, екінші жағынан — қазіргі жағдайда ол бейресми элиталық топтардың, патронаждық қатынастар мен жемқорлық тәжірибелерінің нығаюына себеп болып отыр. Бұл өз кезегінде демократиялық институттардың дамуына және тең құқықты қоғамның қалыптасуына кедергі келтіреді.

Осылайша, Қазақстандағы дәстүрлерді ойлап табу үдерісі позитивті және қайшылықты салдарларды қатар жүретін күрделі де көпқырлы құбылыс болып табылады. Бұл саладағы тиімді мемлекеттік саясат дәстүрлі нормаларды сыни тұрғыдан қайта пайымдауға және тарихи мұра мен заманауи құндылықтар арасындағы тепе-теңдікті табуға негізделуі тиіс. Қазақстанның тәжірибесі инклюзивтілік, адам құқықтарын құрметтеу және тұрақты даму қағидаттарына сүйенген жағдайда ғана дәстүрлер ұлттық құрылыс құралы бола алатынын көрсетеді.

Жүргізілген талдау нәтижесінде Қазақстандағы дәстүрлерді ойлап табу үдерісінің өзара байланысқан үш деңгейін бөліп көрсетуге болады:

1. Институционалды-мемлекеттік деңгей.

Ақсақалдар институтының жаңғыруы, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын өткізу, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезін ұйымдастыру, сондай-ақ «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру — ұлттық бірегейлікті нығайтудың және жаңа саяси жүйені заңдастырудың маңызды тетіктеріне айналды. Бұл тәжірибе мемлекеттіліктің революцияға

дейінгі, кеңестік және қазіргі кезеңдердің сабақтастығын қамтамасыз етіп, ұлттық бірлік идеясын күшейтті.

2. Әлеуметтік-мәдени деңгей.

Дәстүрлерді жаңғырту мен жаңадан қалыптастыру Наурыз мейрамы, мәдени рәсімдер, бірлік пен үлкенге құрмет сынды ортақ белгілер мен құндылықтар айналасында көпұлтты қоғамның бірігуіне септігін тигізді. Бұл дәстүрлер қоғамның негізгі құндылықтарын көрсетіп, этносаралық келісімді қолдап, қазақстандық толеранттылық моделін қалыптастырды. Сонымен қатар, рулық байланыстар, патриархалдық және кемсітушілік тәжірибелер сияқты архаикалық мінез-құлық үлгілерінің сақталу қаупі бар, бұл өз кезегінде қоғамның жаңғыру үдерістерін тежейді.

3. Рухани-құндылық деңгейі.

Исламның қайта жаңғыруы мен діни институттардың нығаюы тәуелсіз Қазақстанның моральдық негізін қалыптастырудың бір бөлігіне айналды. Дін қоғамды біріктіруде маңызды рөл атқарса да, діни плюрализмді реттеу, радикализм мен рухани саланың саясилануына қарсы тұру қажеттілігі де артты.

Жалпы, бұл зерттеу Қазақстандағы дәстүрлерді ойлап табу өткенге оралу емес, мәдени және саяси дамудың серпінді стратегиясы екенін растайды. Дәстүрлер 21-ғасыр шындығына үйлесімді түрде бейімделген жағдайда ұлттық бірегейлікті жаңғырту мен нығайтудың ресурсына айналады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Hobsbawm, E., Ranger, T. The Invention of Tradition. - Cambridge University Press, 1983. - 324 p.
2. Anderson, B. Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism. - Verso Books, 1983. - 256 p.
3. Gellner, E. Nations and Nationalism. - Cornell University Press, 2008. - 152 p.
4. Smith, A. D. National Identity. - University of Nevada Press, 1991. - 226 p.
5. North, D. Institutions, Institutional Change and Economic Performance. - Cambridge University Press, 1990. - 152 p.
6. Huntington, S. Political Order in Changing Societies. - Yale University Press, 1968. - 492 p.
7. Parsons, T. The Social System. - Free Press, 1951; Eisenstadt, S. N. Multiple Modernities. - Daedalus, 2000. - 129(1). - С. 1-29.
8. Лукашев В. АНК сегодня – совершенно новый институт в мировой практике, который показал свою эффективность. URL: <https://www.zakon.kz/sobytiia/6387058-lukashev-ank-segodnya--sovershenno-novyy-institut-v-mirovoy-praktike-kotoryy-pokazal-svoyu-effektivnost.html/> (қаралған күні: 13.02.2025)
9. Аксакалы – символ мудрости, развития и независимости нашей страны. URL: https://satbayev.university.ru/news/aksakaly-simvol-mudrosti-razvitiya-i-nezavisimosti-nashey-strany?utm_source=chatgpt.com/ (қаралған күні: 01.02.2025)
10. Токабаев Е. Секрет успеха АНК - народ Казахстана. URL: <https://assembly.kz/ru/news/sekret-uspekha-ank-narod-kazakhstan/> (қаралған күні: 18.11.2024)
11. Акимат Карагандинской области выделил почти 9 млн тенге на заседание Совета аксакалов. Factcheck.kz. URL: <https://factcheck.kz/vestnik-goszakupok/akimat-karagandinskoy-oblasti-vydelil-pochti-9-mln-tenge-na-zasedanie-coveta-aksakalov/> (қаралған күні: 19.01.2025)

12. Масанов Н. Казахская политическая и интеллектуальная элита: клановая принадлежность и внутриэтническое соперничество // Вестник Евразии. – 1996. - №1 (2). – С. 46-62.
13. Агаев Г.Ш. Внутриэтническая конкуренция и латентные сообщества в политическом процессе Казахстана. Диссертация на соискание ученой степени кандидата политических наук. – М., 2015. – 180 с.
14. Орманова Г.К. Историческая значимость первого Всемирного курултая казахов // Фундаментальные и прикладные исследования в современном мире. – 2019. – №25. – С. 17-21.
15. Козгамбаева Г. Историческое значение проведенного Всемирного курултая казахов в столице Третий, четвертый и пятый Курултай // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». – 2022. – N.4(108). – С. 80-88.
16. Всемирный курултай: кому и зачем он нужен? URL: https://www.dialog.kz/comment/84274?utm_source=chatgpt.com/ (қаралған күні: 25.12.2025)
17. Джалилов З.Г. Возрождение ислама в контексте новых реалий Казахстана // Мир Большого Алтая. – 2016. – 2 (1.1). – С. 23-32.
18. Нуртазина Н.Д. Ислам в истории Казахстана: новые подходы и итоги изучения проблемы за 30-летие независимости (1991-2021) // Вестник КазНУ: Серия историческая. – 2021. – №3 (102). С. 3-11. DOI: <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v102.i3.01>.
19. Melchert C. The Early Hanafiyya and Kufa. *Journal of Abbasid Studies*, 2014, №1. 23-45.
20. Закон Республики Казахстан от 18 февраля 2005 года «О противодействии экстремизму». URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000031/_links/ (қаралған күні: 12.12.2024)
21. Муминов А.К. Традиционные и современные религиозно-теологические школы в Центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. – 1999. – №5. – С. 77-83.
22. Галиев А.А. Изобретенные традиции в контексте мифологизированной истории // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». – 2018. – № 3(15). URL: <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/953/> (қаралған күні: 03.02.2025)
23. Мамашев И. Независимый Казахстан и основные этапы эволюции Съезда лидеров мировых и традиционных религий. URL: https://religions-congress.org/ru/news/novosti/978?utm_source=chatgpt.com/ (қаралған күні: 09.01.2025)
24. Откажется ли Казахстан от народных традиций, нарушающих права человека? URL: <https://newtimes.kz/ekskladyiv/111914-otkazhetsia-li-kazakhstan-ot-narodnykh-traditsii-narushaiushchikh-prava-cheloveka/> (қаралған күні: 28.11.2024)
25. Особенности межпоколенческого взаимодействия в казахстанских семьях. Аналитический доклад по результатам социологического исследования. – Казахстанский институт общественного развития. – Астана, 2024. – 65 с.

REFERENCES:

1. Hobsbawm, E., Ranger, T. The Invention of Tradition. - Cambridge University Press, 1983. – 324 p.
2. Anderson, B. Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism. - Verso Books, 1983. – 256 p.
3. Gellner, E. Nations and Nationalism. - Cornell University Press, 2008. – 152 p.
4. Smith, A. D. National Identity. - University of Nevada Press, 1991. – 226 p.
5. North, D. Institutions, Institutional Change and Economic Performance. - Cambridge University Press, 1990. – 152 p.
6. Huntington, S. Political Order in Changing Societies. - Yale University Press, 1968. – 492 p.
7. Parsons, T. The Social System. Free Press, 1951; Eisenstadt, S. N. Multiple Modernities. Daedalus, 2000. – 129 (1). – S. 1-29.
8. Lukashev V. ANK segodnya – sovershenno novyi institut v mirovoi praktike, kotoryi pokazal svoyu ehffektivnost' [The APK today is a completely new institution in world practice, which has shown its effectiveness]. URL: <https://www.zakon.kz/sobytiia/6387058-lukashev-ank-segodnya--sovershenno-novyy-institut-v-mirovoy-praktike-kotoryy-pokazal-svoyu-ehffektivnost.html/> (Accessed: 13. 02.2025)
9. Aksakaly – simvol mudrosti, razvitiya i nezavisimosti nashei strany [Aksakals are a symbol of wisdom, development and independence of our country]. URL: https://satbayev.university.ru/news/aksakaly-simvol-mudrosti-razvitiya-i-nezavisimosti-nashey-strany?utm_source=chatgpt.com/ (Accessed: 01.02.2025)
10. Tokabaev E. Sekret uspekha ANK – narod Kazakhstan. [The secret of APK's success is the people of Kazakhstan]. URL: <https://assembly.kz/ru/news/sekret-uspekha-ank-narod-kazakhstana/> (Accessed: 18.11.2024)
11. Akimat Karagandinskoi oblasti vydilil pochti 9 mln tenge na zasedanie Coveta

- aksakalov [Akimat of Karaganda region allocated almost 9 million tenge for the meeting of the Council of Elders]. Factcheck.kz. URL: <https://factcheck.kz/vestnik-goszakupok/akimat-karagandinskoy-oblasti-vydelil-pochti-9-mln-tenge-na-zasedanie-coveta-aksakalov/> (Accessed: 19.01.2025)
12. Masanov N. Kazakhskaya politicheskaya i intellektual'naya ehлита: klanovaya prinadlezhnost' i vnutriethnicheskoe sopernichestvo [The Kazakh political and intellectual elite: clan affiliation and intraethnic rivalry]. Bulletin of Eurasia, 1996. – №1 (2). – S. 46–62.
13. Agaev G.SH. Vnutriethnicheskaya konkurentsia i latentnye soobshchestva v politicheskom protsesse Kazakhstana [Intraethnic competition and latent communities in the political process of Kazakhstan]. Dissertatsiya na soiskanie uchenoi stepeni kandidata politicheskikh nauk. – M., 2015. – 180 s.
14. Ormanova G.K. Istoricheskaya znachimost' pervogo Vsemirnogo kurultaya kazakhov [The historical significance of the first World Kurultai of the Kazakhs]. Fundamental and Applied Research in the Modern World, 2019. – №25. – S. 17–21.
15. Kozgambaeva G. Istoricheskoe znachenie provedennogo Vsemirnogo kurultaya kazakhov v stolitse Tretii, chetvertyi i pyatyi Kurultai [The historical significance of the Third, fourth and fifth Kurultai of Kazakhs held in the capital]. Bulletin of the Karaganda University. – The series "History. Philosophy", 2022. – N.4(108). – 80–88.
16. Vsemirnyi kurultai: komu i zachem on nuzhen? [World Kurultai: who needs it and why?]. URL: https://www.dialog.kz/comment/84274?utm_source=chatgpt.com/ (Accessed: 25.12.2025)
17. Dzhaliilov Z.G. Vozrozhdenie islama v kontekste novykh realii Kazakhstana [The revival of Islam in the context of the new realities of Kazakhstan]. The World of the Greater Altai, 2016, 2(1.1.), 23–32.
18. Nurtazina N.D. Islam v istorii Kazakhstana: novye podkhody i itogi izucheniya problemy za 30-letie nezavisimosti (1991–2021) [Islam in the history of Kazakhstan: new approaches and results of studying the problem over the 30th anniversary of Independence (1991–2021)]. KazNU Bulletin: Historical Series, 2021. – №3(102). – S. 3–11. DOI: <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v102.i3.01>.
19. Melchert C. The Early Hanafiyya and Kufa. Journal of Abbasid Studies, 2014. – №1. – S. 23–45.
20. Zakon Respubliki Kazakhstan ot 18 fevralya 2005 goda «O protivodeistvii ehkstreimizmu» [The Law of the Republic of Kazakhstan dated February 18, 2005 "On Countering Extremism"]. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000031_/links/ (Accessed: 12.12.2024)
21. Muminov A.K. Traditsionnye i sovremennye religiozno-teologicheskie shkoly v Tsentral'noi Azii [Traditional and modern religious and theological schools in Central Asia]. Central Asia and the Caucasus, 1999. – №5. – S. 77–83.
22. Galiev A.A. Izobretennye traditsii v kontekste mifologizirovannoi istorii [Invented traditions in the context of mythologized history]. Electronic scientific Journal «edu.e-history.kz», 2018, № 3(15). URL: <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/953/> (Accessed: 03.02.2025)
23. Mamashev I. Nezavisimyi Kazakhstan i osnovnye ehtapy ehvolyutsii S"ezda liderov mirovykh i traditsionnykh religii [Independent Kazakhstan and the main stages of evolution of the Congress of Leaders of World and Traditional Religions]. URL: https://religions-congress.org/ru/news/novosti/978?utm_source=chatgpt.com/ (Accessed: 09.01.2025)
24. Otkazhetsya li Kazakhstan ot narodnykh traditsii, narushayushchikh prava cheloveka? [Will Kazakhstan abandon folk traditions that violate human rights?]. URL: <https://newtimes.kz/eksklyuziv/111914-otkazhetsia-li-kazakhstan-ot-narodnykh-traditsii-narushaiushchikh-prava-cheloveka/> (Accessed: 28.11.2024)
25. Osobennosti mezhpokolencheskogo vzaimodeistviya v kazakhstanskikh sem'yakh. Analiticheskii doklad po rezul'tatam sotsiologicheskogo issledovaniya [Features of intergenerational interaction in Kazakhstani families. Analytical report on the results of a sociological study]. (2024). Kazakhstanskii institut obshchestvennogo razvitiya. Astana – 65 s.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 07-03-2025

Мақаланың жарияланған күні: 19-12-2025